

"Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 1282 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

«Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті
Мәжілісінің қаруына енгізілсін.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Мүгедектердің құқықтары
туралы конвенцияны ратификациялау туралы**

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 2006 жылғы 13 желтоқсанда Нью-Йорк қаласында қабылдаған және 2008 жылғы 11 желтоқсанда Қазақстан Республикасының атынан қол қойған Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция ратификациялансын.

Қазақстан

Республикасының

Президенті

МҮГЕДЕКТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ

теңтүпнұсқалы мәтін

**Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция (Нью-Йорк, 2006 жылғы
13 желтоқсан)**

Бас Ассамблея,

Біріккен Ұлттар Ұйымы жаңындағы барлық мұше мемлекеттер мен бақылаушылардың қатысуы үшін ашық, мүгедектердің құқықтары мен қадір-қасиеттерін көтермелеу және қорғау туралы жан-жақты және бірыңғай халықаралық конвенцияға қатысты ұсыныстарды әлеуметтік даму, адам құқықтары және кемсітпеу саласындағы жұмысқа кешенді көзқарас негізінде және Адам құқықтары жөніндегі комиссия мен Әлеуметтік даму комиссиясының ұсынымдарын ескере отырып қарau үшін Арнайы комитет құруға қаулы еткен өзінің 2001 жылғы 19 желтоқсандағы 56/168 қарарына сілтеме жасай отырып, сондай-ақ өзінің бұрынғы тиісті қараптарына, оның соңғысы 2005 жылғы 23 желтоқсандағы 60/232 қарарына,

сондай-ақ Әлеуметтік даму комиссиясы мен Адам құқықтары жөніндегі комиссияның тиісті қаарларына сілтеме жасай отырып,

Арнайы комитеттің жұмысына үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдардың және ұлттық құқық қорғау мекемелерінің қосқан құнды үлесін құптай отырып,

1. Арнайы комитетке Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияның жобасын және оған факультативтік хаттаманың жобасын әзірлеуді аяқтағаны үшін
ризалиғын білдіреді;

2. осы қаарға қоса берілген Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны және Конвенцияға Факультативтік хаттаманы қабылдайды, олар 2007 жылғы 30 наурыздан бастап Нью-Йорктегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық мекемелерінде қол қою үшін ашық болады;

3. мемлекеттерді Конвенция мен Факультативтік хаттамаға қол қою және оларды ратификациялау туралы мәселені бірінші кезекті тәртіппен қарауға үндейді және олар жақын арада күшіне енеді деп үміттенеді;

4. Бас хатшыдан Конвенция күшіне енгеннен кейін Конвенцияға және Факультативтік хаттамаға сәйкес қатысуышы мемлекеттер Конференциясы мен Комитеттің функцияларын тиімді орындау үшін, сондай-ақ Конвенция және Факультативтік хаттама туралы ақпаратты тарату үшін қажетті персонал мен үй-жай береудің сұрайды;

5. сондай-ақ, Бас хатшыдан Конвенцияның тиісті ережелерін, атап айтқанда жөндеу жұмыстарын жүргізу кезіндегілерін ескере отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінің объектілері мен көрсетілетін қызметтерінің қолжетімділігін көздейтін стандарттар мен басқару бағдарларын біртіндеп енгізу деп сұрайды;

6. Конвенция және Факультативтік хаттама туралы ақпаратты таратуға күш салуға және оларды түсіндіруге жәрдемдесуге Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесі мекемелері мен ұйымдарынан сұрайды және үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдарға ұсынады;

7. Бас хатшыдан Бас Ассамблеяға оның алпыс екінші сессиясында Конвенцияның және Факультативтік хаттаманың жай-күйі және осы қаардың «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция» деп аталған тармақшасы бойынша жүзеге асырылуы туралы баяндама ұсынуды сұрайды.

76 - шы жарапы отырыс,

2006 жылғы 13 желтоқсан
І қосымша

Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция Кіріспе

Осы Конвенцияға қатысуышы мемлекеттер,

а) Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жарияланған адам отбасының барлық мүшелеріне тән қадір-қасиеті мен құндылығы және олардың тең әрі ажырамас

құқықтары бостандықтың, әділдіктің және жалпыға бірдей татулықтың негізі ретінде танылатын қағидаттарды еске сала отырып,

b) Біріккен Ұлттар Ұйымы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында және Адам құқықтары жөніндегі халықаралық пактілерде әрбір адам қандай да болмасын айырмашылықсыз оларда көзделген құқықтар мен бостандықтарға ие деп жариялағанын және бекіткенін мойындай отырып,

c) адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтарының жалпыға бірдейлігін, бөлінбестігін, өзара тәуелділігі мен өзара байланыстылығын, сондай-ақ мүгедектерді кемсітпей олардың толық пайдалануына кепілдік беру қажеттігін растай отырып,

d) Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге, Нәсілдік кемсітудің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияға, Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияға, Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға, Бала құқықтары туралы конвенцияға және Барлық еңбекші-мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенцияға сілтеме жасай отырып,

e) мүгедектік - бұл эволюцияланатын ұғым екенін және мүгедектік денсаулығы бұзылған адамдар мен қоғам өміріне басқалармен бірдей толық әрі тиімді қатысуына кедергі келтіретін қарым-қатынастық және орта тосқауылдары арасындағы өзара іс-қимылдың нәтижесі болып табылатынын мойындай отырып,

f) Мүгедектерге қатысты дүниежүзілік іс-қимыл бағдарламасы мен Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандартты қағидаларындағы қағидаттар мен басқару бағдарларының мүгедектерге тең мүмкіндіктерді одан әрі қамтамасыз етуге арналған ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейлердегі стратегияларды, жоспарларды, бағдарламаларды және іс-шараларды көтермелеге, тұжырымдауға және бағалауға ықпал ету қозқарасы түрғысынан маңыздылығын мойындай отырып,

g) мүгедектік проблемаларын өзекті етудің тұрақты дамудың тиісті стратегияларының құрамдас бөлігі ретінде маңыздылығын атап көрсете отырып,

h) сондай-ақ, кез келген адамға қатысты мүгедектік белгісі бойынша кемсітушілік адамның жеке басына тән қадір-қасиеті мен құндылықтарына қысым келтіруді білдіретінін де мойындай отырып,

i) бұдан әрі мүгедектердің алуан түрлілігін мойындай отырып,

j) барлық мүгедектердің, оның ішінде неғұрлым белсененді қолдауға мұқтаж мүгедектердің адам құқықтарын көтермелеге мен қорғаудың қажеттігін мойындай отырып,

k) осы әртүрлі құжаттар мен бастамаларға қарамастан, мүгедектердің қоғам өміріне тең құқылы мүшелер ретінде қатысу жолында тосқауылдарға және әлемнің барлық бөліктерінде адам құқықтарының бұзылудына душар болып жататынына аландай

о т ы р ы п ,

l) әрбір елде, әсіресе дамушы елдерде мүгедектердің өмір сүру жағдайын жақсарту үшін халықаралық ынтымақтастықтың маңыздылығын мойындай отырып,

m) мүгедектердің өздерінің жалпы әл-ауқатына және жергілікті қауымдастықтардың әр алуандығына қосып отырған қазіргі құнды және әлеуетті үлесін және мүгедектердің өздерінің адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын толық іске асыруға, сондай-ақ мүгедектердің толыққанды қатысуына жәрдемдесу олардың өздерінің қатысы бар екенін сезінуін нығайтуға және қоғамның адами, әлеуметтік және экономикалық дамуы мен кедейлікті жоюда айтарлықтай жетістікке жетуіне мүмкіндік беретінін

м о й ы н д а й

о т ы р ы п ,

n) мүгедектер үшін жеке дербестігі мен өз таңдауын өзі жасау еркіндігін қоса алғанда, олардың тәуелсіздігінің маңызды екенін мойындай отырып,

o) мүгедектердің стратегиялар мен бағдарламаларға қатысты, оның ішінде өздеріне тікелей қатысы бар шешімдер қабылдау процестеріне белсенді тартылу мүмкіндіктері болуға тиіс деп есептей отырып ,

p) мүгедектердің тап болып жататын, нәсілдік белгісі, терісінің түсі, жынысы, тілі, діні, саяси және өзге де нанымы, ұлттық, этностық, аборигендік немесе әлеуметтік шығу тегі, мұліктік жағдайы, тууы, жасы немесе өзге де мән-жайлар бойынша кемсітудің көптеген немесе шиеленіскен нысандарына ұшырайтын қын жағдайларға алаңдай

о т ы р ы п ,

q) мүгедек әйелдер мен мүгедек қыздар үйде де, үйден тыс жерде де зорлықтың, жарақаттанудың немесе қорлаудың, немікұрайлы немесе басына қараудың, жаман қараудың немесе қанаудың үлкен қатеріне көп ұшырайтындарын мойындай отырып,

r) мүгедек балалар басқа балалармен тең дәрежеде барлық адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын толық көлемде пайдалануға тиіс екенін мойындай отырып және осыған байланысты Бала құқықтары туралы конвенцияға қатысушы мемлекеттердің өздеріне алған міндеттемелерін естеріне сала отырып,

s) мүгедектердің адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын толық іске асыруына жәрдемдесу жөніндегі барлық күш-жігерде гендерлік аспектіні ескеру қажеттігін атап көрсете

о т ы р ы п ,

t) мүгедектердің көшілігінің жоқшылық жағдайда өмір сүріп жатқан фактісін атап көрсете отырып және осыған байланысты жоқшылықтың мүгедектерге теріс ықпал ету проблемасымен айналысадың аса қажеттілігін мойындай отырып,

u) Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жазылған мақсаттар мен қағидаттарды толық құрметтеуге және адам құқықтары саласында қолданылатын шарттарды сақтауға негізделген бейбітшілік пен қауіпсіздік жағдайы мүгедектерді толық қорғауға, атап айтқанда қарулы қақтығыстар мен шетел басқыншылығы кезінде қорғауға арналған қажетті шарт болып табылатынын назарға ала отырып,

v) табиғи, әлеуметтік, экономикалық және мәдени ортаның, денсаулық сақтау мен

білім берудің, сондай-ақ ақпарат пен байланыстың қолжетімділігінің маңыздылығын мойындағы отырып, өйткені ол мүгедектерге барлық адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын толыққанды пайдалануға мүмкіндік береді,

w) әрбір жеке адам басқа адамдарға және өзі кіретін ұжымға қатысты міндеттер ала отырып, Адам құқықтары жөніндегі халықаралық биллде танылатын құқықтарды көтермелей адам сақтауға қол жеткізуге тиіс екенін назарға ала отырып,

х) отбасы қоғамның табиғи және негізгі ұясы болып табылатынына және қоғам мен мемлекет тарапынан қорғалуға құқылы екеніне және мүгедектер мен олардың отбасы мүшелері қажетті қорғау мен отбасыларға мүгедектер құқықтарын толық және тең пайдалану ісіне үлес қосуға мүмкіндік беретін көмекті алуға тиіс екеніне сенімді бола

отырып,

у) мүгедектердің құқықтары мен қадір-қасиетін көтермелей және қорғау туралы жан-жақты және бірыңғай халықаралық конвенция мүгедектердің аса қолайсыз әлеуметтік жағдайын еңсерудегі және олардың азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірге дамыған елдерде де, дамушы елдерде де тең мүмкіндіктермен қатысуын кеңейтудегі маңызды үлесі болып табылатынына сенімді бола

отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап. Мақсат

Осы Конвенцияның мақсаты барша мүгедектердің барлық адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын толық және тең дәрежеде іске асыруын көтермелей, қорғауда және қамтамасыз етуде, сондай-ақ оларға тән қадір-қасиетті құрметтеуді көтермелей болып табылады.

Мүгедектерге әртүрлі тосқауылдармен өзара іс-қимыл кезінде олардың қоғам өміріне басқалармен тең дәрежеде толық және тиімді қатысуына кедергі келтіруі мүмкін тұрақты дене, психикалық, интеллектуалдық немесе сенсорлық кемістігі бар адамдар жатады.

2-бап. Анықтамалар

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

«қарым-қатынас» баспа материалдары, аудиокұралдар, қарапайым тіл, оқып берушілер сияқты тілдерді, мәтіндерді, Брайль әліпбиін, тактильді қарым-қатынасты, ірі қаріпті, қолжетімді мультимедиалық құралдарды, сондай-ақ қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық технологияны қоса алғанда, қарым-қатынастың күшетуші және балама әдістерін, тәсілдерін және форматтарын пайдалануды қамтиды;

«тіл» сөйлесу және ымдау тілдерін және сөйлемейтін тілдердің басқа да

«мүгедектік белгісі бойынша кемсіту» - мақсаты немесе нәтижесі саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық немесе кез келген өзге саладағы адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтарын басқалармен тең дәрежеде тануды, іске асыруды немесе жүзеге асыруды төмендету немесе теріске шығару болып табылатын мүгедектігі салдарынан кез келген бөлектеуді, есепке алмауды немесе шектеуді білдіреді. Ол кемсітудің барлық нысандарын, оның ішінде жүйелі бейімдеуден бас тартуды қамтиды;

«жүйелі бейімдеу» нақты жағдайда қажет болғанда мүгедектердің адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтарын басқалармен тең дәрежеде іске асыруын қамтамасыз етуі немесе жүзеге асыруы мақсатында мөлшерлес емес немесе ақталмаған ауыртпалық болмайтындей қажетті және сәйкес келетін модификациялар мен түзетулерді енгізу ді білдіреді;

«әмбебап дизайн» барлық адамдар үшін бейімделудің немесе арнайы дизайнның қажеттілігінсіз пайдалануға барынша мүмкін дәрежеде жарамды етуге арналған заттардың, жағдайлардың, бағдарламалардың және көрсетілетін қызметтердің дизайнын білдіреді. «Әмбебап дизайн» қажет болған жерде мүгедектердің нақты топтарына арналған ассистивті құрылғыны жоққа шығармайды.

3-бап. Жалпы қағидаттар

М ы н а л а р :

- a) адамға тән қадір-қасиетті, оның өз таңдауын жасау еркіндігін қоса алғандағы жеке дербестігін және тәуелсіздігін құрметтеу;
- b) кемсітпеушілік;
- c) қоғамға толық және тиімді тарту және қосу;
- d) мүгедектердің ерекшеліктерін құрметтеу және оларды адами алуан түрліліктің компоненті және адамзаттың бір бөлшегі ретінде қабылдау;
- e) мүмкіндіктер тенденциі;
- f) қолжетімділік;
- j) ерлер мен әйелдердің тенденциі;
- h) мүгедек балалардың даму қабілеттерін құрметтеу және мүгедек балалардың өз жеке қасиетін сақтау құқықтарын құрметтеу осы Конвенцияның қағидаттары болып табылады.

4-бап. Жалпы міндеттемелер

1. Қатысушы мемлекеттер барша мүгедектердің адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтарын мүгедектік белгісі бойынша ешқандай да кемсітушіліксіз толық іске асыруын қамтамасыз етуге және көтермелеге міндеттенеді. Осы мақсатта

а) осы Конвенцияда танылатын құқықтарды жүзеге асыру үшін барлық тиісті заңнамалық, әкімшілік және өзге де шараларды қабылдауға;

б) мүгедектерге қатысты кемсітуші болып табылатын қолданыстағы заңдарды, қаулыларды, дәстүрлер мен ұстанымдарды өзгерту немесе олардың күшін жою үшін барлық тиісті, оның ішінде заңнамалық шараларды қабылдауға;

с) барлық стратегиялар мен бағдарламаларда мүгедектердің адам құқықтарының қорғалуы мен көтермеленуін ескеруге;

д) осы Конвенцияға сәйкес келмейтін кез келген іс-қымылдан немесе әдістерден қалыс қалуға және мемлекеттік органдар мен мекемелердің осы Конвенцияға сәйкес іс-қымыл жасауын қамтамасыз етуге;

е) кез келген адам, ұйым немесе жеке кәсіпорын тарапынан болатын мүгедектік белгісі бойынша кемсітушілікті жою үшін барлық тиісті шараларды қабылдауға;

ф) мүгедектің нақты қажеттіліктеріне ыңғайластыру барынша аз бейімделу мен мейілінше аз шығынды талап ететіндей тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, жабдықтар мен әмбебап дизайн объектілерінің (осы Конвенцияның 2-бабында айқындалатын) зерттеу және конструкторлық әзірлемелерін жүргізуге немесе көтермелелеуге, олардың қолда болуына және пайдаланылуына жағдай жасауға, сондай-ақ стандарттар мен басқару бағдарларын жасау кезінде әмбебап дизайн идеясын ілгерілеуге;

ж) зерттеу және конструкторлық әзірлемелер жүргізуге немесе көтермелелеуге, сондай-ақ қымбат емес технологияларға бірінші кезекте көңіл бөле отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, ұтқырлықты жеңілдететін құралдарды, мүгедектерге лайықты құрылғылар мен ассистивті технологияларды қоса алғанда, жаңа технологиялардың болуына және пайдаланылуына жағдай жасауға;

х) мүгедектерге ұтқырлықты жеңілдететін құралдар, құрылғылар және ассистивті технологиялар, оның ішінде жаңа технологиялар, сондай-ақ көмектің басқа да нысандары, қосалқы көрсетілетін қызметтер және объектілер туралы қолжетімді ақпарат беруге;

и) мүгедектермен жұмыс істейтін мамандарға және адамдарға осы Конвенцияда танылған құқықтарды оқытуды, осы құқықтар кепілдік берген көмек пен көрсетілетін қызметтерді ұсынуды жетілдіру үшін көтермелелеуге міндеттенеді.

2. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарға қатысты әрбір қатысушы мемлекет өзінде бар ресурстарды барынша іске қоса отырып, ал қажет болған жағдайда - халықаралық ынтымақтастықты пайдалана отырып, осы Конвенцияда тұжырымдалған, халықаралық құқықтарға сәйкес тікелей қолданылатын болып табылатын міндеттемелерге нұқсан келтірмей, осы құқықтарды толық іске асыруға біртіндеп қол жеткізуге арналған шараларды қабылдауға міндеттенеді.

3. Осы Конвенцияны жүзеге асыруға бағытталған заңнаманы және стратегияны

әзірлеу және қолдану кезінде және мүгедектерге қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдаудың басқа да процестері шеңберінде қатысушы мемлекеттер мүгедек балаларды қоса алғанда мүгедектермен тығыз консультация жасайды және олардың өкілді ұйымдары арқылы оларды белсенді түрде тартады.

4. Осы Конвенциядағы ешнәрсе де мүгедектердің құқықтарын іске асыруға көп дәрежеде ықпал жасайтын және қатысушы мемлекеттің зандарындағы немесе осы мемлекетте қолданылатын халықаралық құқық нормаларындағы қандай да бір ережелерді қозғамайды. Осы Конвенцияға қандай да бір қатысушы мемлекетте танылатын немесе қолданылатын қандай да бір адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын заның, конвенциялардың, қагидалардың немесе әдет-ғұрыптардың күшімен, осы Конвенцияда мұндай құқықтар немесе бостандықтар танылмайды немесе мұнда олар аз дәрежеде танылады деген сылтаумен ешқандай шектеуге немесе төмендетуге ж о л берілмейді.

5. Осы Конвенцияның ережелері федеративтік мемлекеттердің барлық бөліктерінде қандай да бір шектеусіз немесе алып тастауларсыз қолданылады.

5-бап. Тенденциялық және кемсітпеушілік

1. Қатысушы мемлекеттер барлық адамдар заң алдында және ол бойынша тең және заның тең қорғауына және оны ешбір кемсітусіз тең қолдануға құқылы екенін м о й ы н д а й д ы .

2. Қатысушы мемлекеттер мүгедектік белгісі бойынша кез келген кемсітушілікке тыйым салады және мүгедектерді кез келген негіздегі кемсітушіліктен тең және тиімді құқықтық қ о рға уға к е п і л д і к береді.

3. Қатысушы мемлекеттер теңдікті көтермелей және кемсітушілікті жою үшін орынды бейімдеуді қамтамасыз етуге арналған барлық тиісті қадамдарды жасайды.

4. Мүгедектердің іс жүзіндегі теңдігін жеделдеп немесе оған қол жеткізу үшін қажет нақты шаралар осы Конвенцияның мәні бойынша кемсіту болып саналмайды.

6-бап. Мүгедек әйелдер

1. Қатысушы мемлекеттер мүгедек әйелдердің және мүгедек қыздардың көптеген кемсітуге ұшырайтынын мойындаиды және осыған байланысты олардың адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтарын толық және тең жүзеге асыруын қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдайды.

2. Қатысушы мемлекеттер әйелдердің жан-жақты дамуын, жағдайының жақсаруын және құқықтары мен мүмкіндіктерінің кеңеюін қамтамасыз ету үшін, олардың осы Конвенцияда бекітілген адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды жүзеге асыруына немесе іске асыруына кепілдік беру үшін барлық тиісті шараларды қабылдайды.

7-бап. Мұгедек балалар

1. Қатысушы мемлекеттер мұгедек балалардың адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтарын басқа балалармен тең дәрежеде толық жүзеге асыруын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

2. Мұгедек балаларға қатысты барлық іс-қимылдарда бірінші кезекте баланың жоғары мұдделеріне көніл бөлінеді.

3. Қатысушы мемлекеттер мұгедек балалардың оларды қозғайтын барлық мәселелер бойынша өздерінің басқа балалармен тең дәрежеде олардың жасы мен кәмелеттілігіне сәйкес келетін тиісті салмаққа ие болатын көзқарастарын еркін білдіру және осы құқықты іске асыруға мұгедектігі мен жасына сәйкес келетін көмекті алуға құқығы болуын қамтамасыз етеді.

8-бап. Ағарту-тәрбие жұмысы

1. Қатысушы мемлекеттер:

а) жалпы қоғамның, оның ішінде отбасы деңгейінде, мұгедектік мәселелеріндегі ағартушылықты арттыруға және мұгедектердің құқықтары мен қадір-қасиеттерін құрметтеу сезімін нығайтуға ;

б) өмірдің барлық салаларында мұгедектерге қатысты, оның ішінде жыныстық тиістілігі мен жасы негізінде стереотиптерге, ырымдарға және зиянды ғұрыптарға қарсы күрес жүргізуға ;

с) мұгедектердің әлеуеті мен үлесін насиҳаттау үшін тез арада, тиімді және тиісті шаралар қабылдауға міндеттенеді.

2. Осы мақсатта қабылданатын шаралар мыналарды:

а) тиімді қоғамдық-ағарту науқанын өрістетуді және жүргізуді, олар мыналарға:

І) мұгедектердің құқықтарына түсіністікпен қарауға тәрбиелеуге;

ІІ) мұгедектер туралы оң түсініктерді және оларды қоғамның неғұрлым терең түсінүін көтермелеге ;

ІІІ) мұгедектердің дағдыларын, қадір-қасиеттерін және қабілетін, сондай-ақ олардың жұмыс орны мен еңбек нарығындағы үлесін мойындауға жәрдемдесуге арналуға тиіс ;

б) білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде, оның ішінде ерте жастан бастап барлық балаларды мұгедектер құқықтарына құрметпен қарауға тәрбиелеуді;

с) барлық бүқаралық ақпарат органдарын мұгедектерді осы Конвенцияның мақсатына сәйкес келетіндегі етіп бейнелеуге шақыруды;

д) мұгедектер мен олардың құқықтарына арналған тәрбиелік-тәнімдүк бағдарламаларды ілгерілетуді қамтиды.

9-бап. Қолжетімділік

1. Мүгедектерге тәуелсіз өмір салтын жүргізу және өмірдің барлық аспектілеріне жан-жақты қатысу мүмкіндігін беру үшін қатысушы мемлекеттер мүгедектердің басқалармен тең дәрежеде табиғи айналасына, көлікке, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен жүйелерді қоса алғандағы ақпарат пен байланысқа, сондай-ақ қалалық және ауылдық аудандарда халық үшін ашық немесе ұсынылатын басқа да объектілер мен көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылдайды. Қол жеткізуге кедегі жасайтын кедергілер мен тосқауылдарды анықтауды және жоюды қамтитын бұл шаралар, атап айтқанда:

а) мектептерді, тұрғын үйлерді, медициналық мекемелерді және жұмыс орындарын қоса алғанда, ғимараттарға, жолдарға, көлік пен басқа да ішкі және сыртқы обьектілерге;

б) ақпараттық, коммуникациялық қызметтерге және электрондық қызметтер мен шұғыл қызметтерді қоса алғанда, басқа да қызметтерге қатысты қолданылуға тиіс.

2. Қатысушы мемлекеттер сондай-ақ:

а) халық үшін ашық немесе ұсынылатын обьектілер мен көрсетілетін қызметтерге қолжетімділігін көздейтін ең тәменгі стандарттар мен басқарушылық бағдарларын әзірлеу, оларды қолданысқа енгізу және олардың сақталуын бақылау;

б) халық үшін ашық немесе ұсынылатын обьектілер мен көрсетілетін қызметтерді ұсынатын жеке кәсіпорындар мүгедектер үшін қолжетімді болудың барлық аспектілерін ескеруін қамтамасыз ету;

с) барлық тартылған тараптар үшін мүгедектер ұшырасатын қолжетімділік проблемалары жөнінде нұсқама беруді ұйымдастыру;

д) халық үшін ашық ғимараттар мен басқа да обьектілерді Брайль әліпбиімен жазылған және женіл оқылатын және түсінікті нысандағы таңбалармен жабдықтау;

е) халық үшін ашық ғимараттар мен басқа да обьектілерге қолжетімділікті женілдету үшін көмекшілер мен делдалдардың, оның ішінде жолсеріктердің, оқып берушілердің және кәсіби сурдо аудармашылардың әртүрлі көрсетілетін қызмет түрлерін ұсыну;

ф) мүгедектерге олардың ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ететін көмек пен қолдау көрсетудің басқа да тиісті нысандарын дамыту;

ж) мүгедектердің Интернетті қоса алғанда, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен жүйелерге қол жеткізуін көтермелейу;

х) бастапқыдан қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен жүйелерді жобалауды, әзірлеуді, жасауды және таратуды осы технологиялар мен жүйелердің қолжетімділігіне ең аз шығынмен қол жеткізілетіндей етіп көтермелейу үшін тиісті шараларды қабылдайды.

10-бап. Өмір сұру құқығы

Қатысушы мемлекеттер әрбір адамның өмір сүрге ажырамас құқығын тағы да растайды және мүгедектердің оны басқалармен тең дәрежеде тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз ету үшін қажетті барлық шараларды қабылдайды.

11-бап. Қатерлі жағдайлар мен төтенше гуманитарлық жағдайлар

Қатысушы мемлекеттер халықаралық гуманитарлық құқық пен адам құқықтарының халықаралық құқығын қоса алғанда, халықаралық құқық бойынша өз міндеттемелеріне сәйкес мүгедектерді қарулы қақтығыстарды, төтенше гуманитарлық жағдайларды және дүлей зілзаланы қоса алғанда, қатерлі жағдайларда қорғауды және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті барлық шараларды қабылдайды.

12-бап. Заң алдындағы тенденция

1. Қатысушы мемлекеттер әрбір мүгедек қай жерде болмасын тендей құқықтық қорғауға құқылы екенін растайды.

2. Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің өмірдің барлық аспектілерінде басқалармен тендей құқық қабілеттілігіне ие екенін мойындайды.

3. Қатысушы мемлекеттер мүгедектерге өздерінің құқық қабілеттіліктерін іске асыруы кезінде талап етілуі мүмкін қолдауға қол жеткізуі ұсыну үшін тиісті шараларды қабылдайды.

4. Қатысушы мемлекеттер құқық қабілеттілігін іске асырумен байланысты барлық шаралардың адам құқықтарының халықаралық құқығына сәйкес асыра пайдалануды болдырмаудың тиісті және тиімді кепілдіктерін көздеуін қамтамасыз етеді. Мұндай кепілдіктер құқық қабілеттілігін іске асырумен байланысты шаралардың адамның құқықтарын, ерік-жігерін және қалауын құрметтеуге бағытталуын, мұдделер қақтығысынан және қолайсыз ықпал етуден еркін болуын, осы адамның жағдайларымен мөлшерлес болуын және соған бейімделуін, барынша аз мерзім ішінде қолданылуын және құзыретті, тәуелсіз және бейтарап органның немесе сот инстанциясының жүйелі тексеру жүргізуін қамтамасыз етуге тиіс. Бұл кепілдіктер мұндай шаралардың осы адамның құқықтары мен мұдделерін қозғайтын дәрежесіне мөлшерлес болуға тиіс.

5. Осы баптың ережелерін ескере отырып, қатысушы мемлекеттер мүгедектердің мүлікке ие болу және мұраға алу, өз қаржы істерін басқару, сондай-ақ банк несиесіне, ипотекалық кредиттерге және қаржылық кредиттеудің басқа да нысандарына бірдей қол жеткізуге тендей құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық тиісті және тиімді шараларды қабылдайды және мүгедектердің өз мүліктерінен өз еркімен айырылып қалмауын қамтамасыз етеді.

13-бап. Сот төрелігіне қол жеткізу

1. Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің басқалармен тең дәрежеде, оның ішінде олардың тергеп-тексеру кезеңі мен алдын ала іс жүргізудің басқа да сатыларын қоса алғанда, заңдық процестің барлық кезеңдерінде өздерінің тікелей және жанама қатысушылардың, оның ішінде куәгерлердің тиімді рөлін атқаруын жеңілдететін процестік және жасына сәйкес келетін түзетулерді көздей отырып, тиімді сот төрелігіне қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

2. Мүгедектердің сот төрелігіне тиімді қол жеткізуін қамтамасыз етуге жәрдемдесу үшін қатысушы мемлекеттер сот төрелігін жүзеге асыру саласында, оның ішінде полицияда және пенитенциарлық жүйеде жұмыс істейтін адамдарды тиісті оқытуға ықпал жасайды.

14-бап. Еркіндік және жеке басына қол сұғылмаушылық

1. Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің басқалармен тендей дәрежеде:

a) еркіндік және жеке басына қол сұғылмаушылық құқығын пайдалануын;
b) еркіндігінен заңсыз немесе ерікті түрде айырылмауын және кез келген еркіндігінен айырудың занға сәйкес болуын, ал мүгедектігінің болуы қандай жағдайда болмасын еркіндігінен айыруға негіз болмауын қамтамасыз етеді.

2. Қатысушы мемлекеттер, егер де қандай да бір рәсімнің негізінде мүгедектер еркіндігінен айырылған болса, оларға басқалармен тендей дәрежеде адам құқықтарының халықаралық құқығына сәйкес келетін және жүйелі бейімделуді қамтамасыз етуді қоса алғанда, олармен қарым-қатынас осы Конвенцияның мақсаттары мен қағидаттарына сәйкес болуына кепілдіктер берілуін қамтамасыз етеді.

15-бап. Азаптаулардан және қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінен еркін болу

1. Ешкім азаптауларға, қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер немесе жазалауға тап болмауға тиіс. Атап айтқанда, ешбір адамға оның еркін келісімінсіз медициналық немесе ғылыми тәжірибе жасалмауға тиіс.

2. Қатысушы мемлекеттер мүгедектер басқалармен тең дәрежеде азаптауларға немесе қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне ұшырамауы үшін барлық тиімді заңнамалық, әкімшілік, сottық немесе өзге де шараларды қабылдайды.

16-бап. Қанаудан, зорлықтан және қорлаудан еркіндік

1. Қатысушы мемлекеттер мүгедектерді үйде де, одан тыс жерде де қанаудың, зорлықтың және қорлаудың, оның ішінде гендерлік астары бар аспектілердің барлық түрлерінен қорғау үшін барлық тиісті заннамалық, әкімшілік, әлеуметтік, ағартушылық және өзге де шараларды қабылдайды.

2. Қатысушы мемлекеттер сол сияқты қанаудың, зорлықтың және қорлаудың барлық түрлерінің алдын алу үшін барлық тиісті шараларды, атап айтқанда, мүгедектерге, олардың отбасыларына және мүгедектерді күтіп-бағатын адамдарға жас-жыныстық ерекшелігін ескеретін көмек пен қолдау көрсетудің қолайлы нысандарын, оның ішінде қанаудан, зорлықтан және қорлаудан қалай аулақ болу, оларды анықтау және олар жайында хабарлау туралы мәселелегі таныстыру және ағарту арқылы қабылдайды. Қатысушы мемлекеттер қорғаумен қамту қызметтерінің мүгедектіктің жас-жыныстық ерекшелігі мен факторын ескере отырып көрсетілуін қамтамасыз етеді.

3. Қатысушы мемлекеттер қанаудың, зорлықтың және қорлаудың барлық түрлерінің көрінісінің алдын алуға ұмтыла отырып, мүгедектерге қызмет көрсетуге арналған барлық мекемелер мен бағдарламалардың тәуелсіз органдар тарапынан тиімді қадағалауда болуын қамтамасыз етеді.

4. Қатысушы мемлекеттер қанаудың, зорлықтың және қорлаудың кез келген түрінің күрбаны болған мүгедектерді дене, когнитивті және психологиялық қалпына келтіруге, оналтуға және әлеуметтік реинтеграциялауына, оның ішінде қорғаумен қамту қызметтерін көрсету арқылы жәрдемдесу үшін барлық тиісті шараларды қабылдайды. Мұндай қалпына келтірuler мен реинтеграция тиісті адамның денсаулығының нығаюына, әл-ауқатына, өзін-өзі құрметтеуіне, қадір-қасиеті мен дербестігіне ықпал ететіндей ахуалда өтеді және жас-жыныстық ерекшеліктеріне байланысты қажеттіліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

5. Қатысушы мемлекеттер мүгедектерге қатысты қанау, зорлық және қорлау оқиғаларының анықталуын, тергеп-тексерілуін және тиісті жағдайларда қудалануын қамтамасыз ету үшін тиімді, оның ішінде әйелдер мен балаларға бағдарланған заннама мен стратегияларды қабылдайды.

17-бап. Жеке тұтастықты қорғау

Әрбір мүгедек өзінің дене және психикалық тұтастығының басқалармен теңдей дәрежеде құрметтелуіне құқылы.

18-бап. Еркін жүріп-түру және азаматтық

1. Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің басқалармен тең дәрежеде еркін жүріп-түру, тұрғылықты тұратын жерін еркін таңдау және азаматтық алу құқықтарын, оның ішінде мүгедектердің:

a) азаматтық алу және оны өзгерту құқығының болуын және өз азаматтығынан еркін түрде немесе мүгедектік себебі бойынша айырылмауын;

b) мүгедектік себебі бойынша олардың азаматтығын растайтын құжаттар немесе олардың жеке басын қуәланыратын өзге де құжаттар алу мүмкіндігінен айырылмауын, мұндай, мәселен, еркін жүріп-тұру құқығын жүзеге асыруды жеңілдету үшін қажет болуы мүмкін көші-кон құжаттарына ие болуын және оларды пайдалануын не тиісті

рәсімдерді пайдалануын;

c) өз елін қоса алғанда, кез келген елді еркін тастап шығу құқығының болуын;

d) өз еліне кіру құқығынан ерікті түрде немесе мүгедектік себебі бойынша айырылмауын қамтамасыз ету арқылы мойындайды.

2. Мүгедек балалар туылған бойда тіркеледі және олардың туылған кезінен бастап есімінің болуына және азаматтық алуына, сондай-ақ барынша мүмкін дәрежеде өздерінің ата-аналарын білуіне және олардың қамқорлығына ие болуына құқығы бар.

19-бап. Дербес өмір сұру салты және жергілікті қоғамдастықтарға тартылу

Осы Конвенцияға қатысушы мемлекеттер барлық мүгедектердің басқа адамдармен тең таңдау нұсқаларымен әдеттегі тұрғылықты жерлерде өмір сұруге теңдей құқықтарын мойындайды және мүгедектердің осы құқықтарды толық іске асыруына және оларды жергілікті қоғамдастыққа толықтай тартуға және кіргізуға жәрдемдесу үшін тиімді және тиісті шараларды, оның ішінде:

a) мүгедектердің басқа адамдармен тең дәрежеде өздерінің тұрғылықты жерін, сондай-ақ қай жерде және кіммен бірге тұруды таңдау мүмкіндігінің болуын және қандай да белгілі бір тұрғын үй жағдайында тұруға міндettі болмауын;

b) мүгедектердің үйде, тұратын жерінде көрсетілетін әртүрлі қызметтерге және жергілікті қоғамдастықтағы өмірді қолдау және оған енгізу үшін, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтан оқшаулануына немесе сегрециялануына жол бермеу үшін қажетті дербес көмектерді қоса алғанда, жергілікті қоғамдастық базасындағы өзге де қосалқы қызметтерге жеткізуін;

c) жалпы халыққа арналған көрсетілетін қызметтер мен ұжымдық пайдалану обьектілері теңдей дәрежеде мүгедектер үшін қолжетімді болуын және олардың мұқтаждықтарына жауап беруін қамтамасыз ете отырып қабылдайды.

20-бап. Жеке ұтқырлық

Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің жеке ұтқырлығын олардың барынша мүмкін дербестік дәрежесімен қамтамасыз етуге арналған тиімді шараларды, оның ішінде:

a) мүгедектердің жеке ұтқырлығына олардың таңдаған тәсілімен, олар таңдаған уақытта және қолжетімді бағамен жәрдемдесу;

b) мүгедектердің ұтқырлықты женілдететін сапалы құралдарға, құрылғыларға, асистивті технологияларға және көмекшілер мен делдалдардың көрсететін қызметтеріне, оның ішінде олардың қолжетімді бағамен ұсынылуы есебінен қол жеткізуін женілдету;

c) мүгедектерге және олармен жұмыс істейтін кадр мамандарға ұтқырлық дағдыларын үйрету;

d) ұтқырлықты женілдететін құралдар, құрылғылар және асистивті технологиялар өндірумен айналысатын кәсіпорындарды мүгедектердің ұтқырлығының барлық аспектілерін ескеруге шақыру арқылы қабылдайды.

21-бап. Көзқарасы мен наым-сенімін білдіру еркіндігі және ақпаратқа қол жеткізу

Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің көзқарасы мен наым-сенімін білдіру еркіндігіне құқығын, өз таңдауы бойынша осы Конвенцияның 2-бабында айқындалатын қарым-қатынастың барлық түрлерін пайдалана отырып, басқалармен тең дәрежеде ақпараттар мен идеяларды іздеу, алу және тарату еркіндігін қоса алғанда, пайдалана алуын қамтамасыз ету үшін мыналарды:

a) мүгедектерді көпшілікке арналған ақпаратпен қолжетімді форматтарда және мүгедектіктің түрлі нысандарының алдын алатын технологияларды пайдалана отырып, уақтылы және қосымша төлемсіз жабдықтауды;

b) ресми қатынастарда: ымдау тілін, Брайль әліпбійн, қарым-қатынастың күшетуші және балама тәсілдерін және мүгедектердің таңдауы бойынша басқа да барлық қолжетімді қарым-қатынас тәсілдерін, әдістерін және форматтарын қабылдауды және пайдалануға жәрдемдесуді;

c) көпшілікке, оның ішінде Интернет арқылы қызметтер көрсететін жеке кәсіпорындарды мүгедектерге қолжетімді және жарамды форматтарда ақпараттар мен көрсетілетін қызметтерді ұсынуға белсенді шақыруды;

d) бұқаралық ақпарат құралдарын, оның ішінде Интернет арқылы ақпарат беретіндерін өздерінің көрсететін қызметтерін мүгедектер үшін қолжетімді өткізуге шақыруды;

e) ымдау тілін пайдалануды мойындауды және көтермелегеуді қоса алғанда барлық тиісті шараларды қабылдайды.

22-бап. Жеке өмірге қолсұғылмаушылық

1. Тұрғылықты жеріне немесе тұрғын үй жағдайларына қарамастан, бір де бір мүгедек жеке өмірінің, отбасының, тұрғын үйінің немесе хат алмасуының және өзге де қарым-қатынас тұрлерінің қолсұғылмаушылығына ерікті тұрде немесе заңсыз қол сұғылуына не болмаса оның ар-ожданы мен абырай-беделіне заңсыз шабуылға

ұшырауға тиіс емес. Мұгедектердің осындай қолсұғушылықтар мен шабуылдардан
заңды қорғалуға құқығы бар.

2. Қатысушы мемлекеттер басқалармен тендей дәрежеде мұгедектердің жеке басы,
денсаулық жағдайы және оңалуы туралы мәліметтердің қупиялылығын қорғайды.

23-бап. Үй мен отбасын құрметтеу

1. Қатысушы мемлекеттер некеге, отбасына, әке болуға, ана болуға және
басқалармен тең дәрежедегі жеке қатынастарға қатысты барлық мәселелер бойынша
мұгедектерге қатысты кемсітуді жою үшін тиімді және тиісті шараларды қабылдайды,
бұл ретте:

а) неке жасына жеткен барлық мұгедектердің некеге тұру және некелесетіндердің
еркін және толық келісімі негізінде отбасын құру құқықтарының мойындалуын;

б) мұгедектердің балалардың саны мен олардың туылуы арасындағы интервалдар
туралы еркін әрі жауапкершілікпен шешімдер қабылдауға және жасына сәйкес ақпарат
пен ұрпақты болу мінез-құлқы және отбасын жоспарлау мәселелерінде ағартушылыққа
қол жеткізу құқықтарының мойындалуын, сондай-ақ олардың осы құқықтарын жүзеге
асыруға мүмкіндік беретін құралдардың берілуін;

с) мұгедектердің, балаларды қоса алғанда басқалармен тең дәрежеде өзінің
фертильділігінің сақталуын қамтамасыз етуге тырысады.

2. Қатысушы мемлекеттер мұгедектердің балаларға қамқоршылыққа, қорғанышы
болуға, қамқоршы болуға, оларды асырап алуға немесе аталған ұғымдар ұлттық
заннамада болған осыған ұқсас институттарға қатысты құқықтары мен міндеттерін
қамтамасыз етеді; барлық жағдайларда да баланың жоғары мұдделері бірінші дәрежелі
мәнге ие. Қатысушы мемлекеттер мұгедектердің балаларды тәрбиелеу жөніндегі өз
міндеттерін орындауда оларға тиісті көмек көрсетеді.

3. Қатысушы мемлекеттер мұгедек балалардың отбасылық өмірге қатысты тең
құқықтарының болуын қамтамасыз етеді. Осы құқықтарды іске асыру және мұгедек
балаларды жасыруға, оларды қалдыруға, күтіп-бағудан жалтаруға және
сегрегациялануына жол бермеу үшін қатысушы мемлекеттер мұгедек балалар мен
олардың отбасыларын ең басынан бастап жан-жақты ақпаратпен қамтамасыз етуге,
қызметтер мен қолдау көрсетуге міндеттенеді.

4. Қатысушы мемлекеттер баланың ата-аналарынан соттың қадағалауындағы
құзыретті органдар қолданыстағы зандар мен рәсімдерге сәйкес мұндай ажырату
баланың жоғары мұддесі үшін қажет деп анықтаған жағдайларды қоспағанда, олардың
еркінен тыс ажырамауын қамтамасыз етеді. Бала қандай жағдайда болмасын,
ата-аналарынан баланың өзінің, не болмаса ата-аналарының бірінің немесе екеуінің де
мұгедектің себебі бойынша ажырамайды.

5. Қатысушы мемлекеттер жақын туыстары мұгедек балаға күтім жасай алмайтын

жағдайда, анағұрлым алыс туыстарын тартудың есебінен, ал ондай мүмкіндік болмаған жағдайда - баланың жергілікті қоғамдастықта өмір сұруі үшін отбасылық жағдайлар жасау есебінен балама күтім жасауды ұйымдастыруға бар күшін салуға міндеттенеді.

24-бап. Білім беру

1. Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің білім алуға құқықтарын таниды. Осы құқықтарды кемсітусіз және мүмкіндіктерінің тенденцияларында қатысушы мемлекеттер барлық деңгейлерде инклюзивті білім беруді және өмір бойы оқытуды қамтамасыз етеді, бұл ретте:

а) адами әлеуетін, сондай-ақ қадір-қасиеті мен өзін-өзі құрметтеу сезімдерін толық дамытуға және адам құқықтарын, негізгі бостандықтарын және адами алуан түрлілікті құрметтеді қүшеттүгел;

б) мүгедектердің жеке басын, таланттын және шығармашылығын, сондай-ақ олардың ақыл-ой мен дене қабілеттерін толық көлемде дамытуға;

с) мүгедектерге еркін қоғам өміріне тиімді қатысу мүмкіндігін беруге ұмтылады.

2. Бұл құқықты іске асыру кезінде қатысушы мемлекеттер:

а) мүгедектердің жалпы білім беру жүйесінен, ал мүгедек балалардың - тегін және міндетті бастауыш білім беру немесе орта білім беру жүйесінен мүгедектік себебі бойынша шығып қалмадын;

б) мүгедектердің өздерінің тұратын жерлерінде инклюзивті, сапалы әрі тегін бастауыш білім беруге және орта білім беруге басқалармен тендей дәрежеде қол жеткізуін;

с) жеке қажеттіліктерді ескеретін жүйелі бейімдеумен қамтамасыз етілуін;

д) мүгедектерді тиімді оқытуды жеңілдету үшін оларды жалпы білім беру жүйесінің ішінде қажетті қолдауға ие болуын;

е) білімді игеру мен әлеуметтік дамуға барынша ықпал ететін жағдайда, соған сай толық қамту мақсатындағы жеке қолдауды ұйымдастыру жөніндегі тиімді шаралардың қабылдануын қамтамасыз етеді.

3. Қатысушы мемлекеттер мүгедектерге олардың білім беру процесіне толық әрі тендей және жергілікті қоғамдастық мүшелері ретінде қатысуын жеңілдету үшін өмірлік және әлеуметтік деңгелердің дағдыларды игеру мүмкіндігін береді. Қатысушы мемлекеттер бұл бағытта тиісті шараларды қабылдайды, оның ішінде:

а) Брайль әліпбійін, балама қаріпперді, қарым-қатынастың күшеттуші және балама әдістерін, тәсілдері мен форматтарын, сондай-ақ бағдарлық және ұтқырлық дағдыларын игеруге жәрдемдеседі және құрдастары тарапынан қолдау көрсетілуі мен тәлімгерлікке жағдай жасайды;

б) ындау тілін игеру мен саныраулардың тілдік өзіндік болмысын көтермелеге жәрдемдеседі;

с) соқыр, саңырау немесе соқыр-саңырау адамдарды, атап айтқанда балаларды оқыту мүгедек үшін барынша қолайлы тілдердің және қарым-қатынас әдістері мен тәсілдерінің көмегімен және білімнің игерілуі мен әлеуметтік дамуға барынша ықпал ететін жағдайда жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

4. Осы құқықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу үшін қатысушы мемлекеттер жұмысқа ымдау тілін және/немесе Брайль әліпбиін білетін мұғалімдерді, оның ішінде мүгедек мұғалімдерді тарту үшін және білім беру жүйесінің барлық деңгейінде жұмыс істейтін мамандар мен персоналды оқыту үшін тиісті шараларды қабылдайды. Мұндай оқыту мүгедектік мәселесіндегі ағартуды және қарым-қатынастың күшетуші және балама әдістерін, тәсілдерін және форматтарын, мүгедектерге қолдау көрсетуге арналған оқу әдістемелері мен материалдарды пайдалануды қамтиды.

5. Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің жалпы жоғарғы білім алына, кәсіптік білім алына, ересектерге арналған білім алына және өмір бойы оқуына кемсітусіз әрі басқалармен тең дәрежеде қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Осы мақсатпен қатысушы мемлекеттер мүгедектердің жүйелі бейімдеумен қамтылуын қамтамасыз етеді.

25-бап. Денсаулық

Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің денсаулықтың мүгедектік белгісі бойынша кемсітілусіз неғұрлым жоғары қолжетімді деңгейіне құқығының бар екенін таниды. Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің денсаулық сақтау саласындағы гендерлік ерекшеліктерді ескеретін қызмет көрсетулерге, оның ішінде денсаулық жағдайы бойынша оқалтуға қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін барлық тиісті шараларды қабылдайды. Атап айтқанда, қатысушы мемлекеттер:

а) мүгедектерге денсаулық сақтау жөніндегі, оның ішінде сексуалдық және ұрпақты болу денсаулығы саласында және халыққа ұсынылатын мемлекеттік денсаулық сақтау бағдарламалары желісі бойынша тегін немесе қымбат емес қызмет көрсетулер мен бағдарламалардың басқа да адамдарға арналатындей жиынтығын, сапасы мен деңгейін қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

б) денсаулық сақтау саласында мүгедектерге олардың мүгедектік себебі бойынша тікелей қажет қызметтер көрсетуді, оның ішінде ерте диагностиканы, ал қолайлы жағдайларда - мүгедектікті, оның ішінде балалар мен егде адамдар арасында барынша төмендетуге және әрі қарай пайда болуына жол бермеуге арналған түзетулер мен көрсетілетін қызметтерді ұсынады ;

с) денсаулық сақтау саласындағы бұл көрсетілетін қызметтерді осы адамдардың тікелей тұратын жерлеріне жақын жерде, оның ішінде ауылдық аудандарда ұйымдастырады ;

д) денсаулық сақтау мамандарының мүгедектерге, оның ішінде еркін және хабардар етілген келісу негізінде басқалардың ішінде мемлекеттік және жеке денсаулық сақтауға

арналған этикалық стандарттарды оқу және қабылдау есебінен мүгедектердің адам құқықтары, қадір-қасиеті, дербестігі және мұқтаждықтары туралы хабардар болуын арттыру арқылы басқа адамдарға арналғандай сапада қызмет көрсетудің ұсынылуын т а л а п е т е д і ;

е) мүгедектерге қатысты медициналық сақтандыруды және өмірін сақтандыруды ұсынған кезде, егер соңғысы ұлттық құқықта рұқсат етілген болса, кемсітушілікке тыйым салады және оның әділ және жүйелі негізде берілуін қараастырады;

ф) денсаулық сақтауда немесе осы саладағы қызмет көрсетуде не болмаса тамақ немесе сұйықтар алуда мүгедектік себебі бойынша кемсітетін бас тартуға жол бермейді

26-бап. Абилитация және оқалту

1. Қатысушы мемлекеттер мүгедектерге барынша тәуелсіздікке, толық дene, ақыл-ой, әлеуметтік және көсіптік қабілеттерге қол жеткізуге әрі оны сақтауына және өмірдің барлық аспектілеріне толық қатысуға және тартуға мүмкіндік беру үшін, оның ішінде басқа да мүгедектердің тарапынан қолдау көрсету арқылы тиімді және тиісті шараларды қабылдайды. Осы мақсатта қатысушы мемлекеттер кешенді, әсіресе денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, білім беру және әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы абилитациялық және оқалту қызметтері мен бағдарламаларының:

а) мүмкіндігінше ерте іске асырыла бастаудын және жеке адамның мұқтаждықтары мен басым тұстарын көпбейінді бағалауға негізделген болуын;

б) жергілікті қоғамдастыққа және қоғам өмірінің барлық аспектілеріне қатысуға және қамтуға ықпал етуін, бұлардың ерікті сипатта болуын және мүгедектерге олардың тікелей тұратын жеріне мүмкіндігінше жақын жерде, оның ішінде ауылдық аудандарда қолжетімді болуын ұйымдастырады, нығайтады және кеңейтеді.

2. Қатысушы мемлекеттер абилитациялық және оқалту қызметтерін көрсету саласында жұмыс істейтін мамандар мен персоналды бастаудын және одан кейінгі оқыту ісін дамытуды ынталандырады.

3. Қатысушы мемлекеттер мүгедектерге арналған абилитация мен оқалтуға қатысты ассистивті құрылғылар мен технологиялардың болуын, оларды білуді және пайдалануды ынталандырады.

27-бап. Еңбек және жұмыспен қамту

1. Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің басқалармен теңдей дәрежеде еңбек ету құқығын таниды; ол мүгедектің еркін таңдаған немесе оған ерікті түрде келісім берген еңбекпен, еңбек нарығы мен өндіріс ортасы мүгедектер үшін ашық, инклузивті және қолжетімді болып табылатын жағдайларда өзін-өзі асырау мүмкіндігін алу құқығын қамтиды. Қатысушы мемлекеттер еңбек ету, оның ішінде еңбек ету кезінде мүгедектік

алған адамдардың еңбек ету құқықтарын, оның ішінде заңнамалық тәртіппен тиісті шараларды, атап айтқанда мыналарға:

а) жұмысқа қабылдау, жалдау және жұмыспен қамту, жұмысын сақтау, қызмет бабы бойынша өсу жағдайларын және қауіпсіз әрі салауатты еңбек жағдайларын қоса алғанда, жұмыспен қамтудың барлық нысандарына қатысты барлық мәселелер бойынша мүгедектік белгісі бойынша кемсітуге тыйым салуға;

б) мүгедектердің бірдей мүмкіндіктер мен құндылығы бірдей еңбекке бірдей сыйақы алуға, қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын қоса алғанда, бопсалаудан қорғауды және шағымдарын қанағаттандыруды қоса алғанда, әділ және қолайлы еңбек жағдайларына құқықтарын басқалармен тең дәрежеде қорғауға;

с) мүгедектердің өздерінің еңбек ету және кәсіподақ құқықтарын басқалармен теңдей дәрежеде жүзеге асыра алын қамтамасыз етуге;

д) мүгедектерге техникалық және кәсіптік бағдарлардың жалпы бағдарламаларына, жұмысқа орналастыру қызметтеріне және кәсіптік әрі үздіксіз оқытуға тиімді қол жеткізу мүмкіндіктерін беруге;

е) еңбек нарығында мүгедектерді жұмысқа орналастыру мен олардың қызмет бабында өсу мүмкіндіктерін кеңейтуге, сондай-ақ жұмыс іздеуге, алуға, жұмысын сақтауға және жаңғыртуға көмек көрсетуге;

ф) жеке еңбек қызметіне, кәсіпкерлікке, кооперативтерді дамытуға және өзінің жеке ісін үйымдастыруға мүмкіндіктерін кеңейтуге;

г) мүгедектерді мемлекеттік секторға жалдауға;

х) оң іс-қимылдар бағдарламаларын, ынталандыруларды және басқа шараларды қамтуы мүмкін тиісті стратегиялар мен шаралардың көмегімен мүгедектерді жеке секторға жалдауды ынталандыруға;

і) мүгедектерді жұмыс орнын жүйелі бейімдеумен қамтамасыз етуге;

ж) мүгедектердің ашық еңбек нарығы жағдайларында жұмыс тәжірибесін алын көтермелеге;

к) мүгедектерге арналған кәсіптік және біліктілік оңалту, жұмыс орындарын сақтау және жұмысқа қайта оралу бағдарламаларын көтермелеге бағытталған шараларды қабылдау жолымен іске асыруды қамтамасыз етеді және көтермелейді.

2. Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің құлдықта немесе еріксіз жағдайда ұсталмауын және мәжбүрлі немесе міндетті еңбек етуден басқалармен тең дәрежеде қорғалуын қамтамасыз етеді.

28-бап. Жеткілікті өмір сұру деңгейі және әлеуметтік қорғау

1. Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің өздері үшін және олардың отбасылары үшін жеткілікті тамақ, киім және тұрғын үйді қамтитын жеткілікті өмір сұру деңгейіне және өмір сұру жағдайын үздіксіз жақсартуға құқығын мойындауды және осы

құқықтың мүгедектік белгісі бойынша кемсітушіліксіз іске асырылуын қамтамасыз етуге және көтермелеге арналған тиісті шараларды қабылдайды.

2. Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің әлеуметтік қорғалуға құқығын және осы құқығын мүгедектік белгісі бойынша кемсітушіліксіз пайдалану құқығын мойындайды ж ә н е :

а) мүгедектердің таза су алуға тең қол жеткізуін қамтамасыз ету жөніндегі және мүгедектікпен байланысты мұқтаждықтарды қанағаттандыруға арналған тиісті әрі қымбат емес көрсетілетін қызметтерге, құрылғылар мен басқа да көмектерге қол жеткізуін қамтамасыз ету жөніндегі;

б) мүгедектердің, атап айтқанда, мүгедектігі бар әйелдердің, қыздар мен егде адамдардың әлеуметтік қорғау бағдарламаларына және кедейшілік ауқымын қысқарту бағдарламаларына қол жеткізуін қамтамасыз ету жөніндегі;

с) кедейшілік жағдайында өмір сүретін мүгедектер мен олардың отбасыларының мүгедектікпен байланысты, тиісті дәрежедегі оқытуды, консультация беруді, қаржылық көмекті және уақытша патронаждық бағып-күтуді қоса алғандағы шығындарды жабу мақсатымен мемлекет тарапынан көрсетілетін көмекке қол жеткізу жөніндегі;

д) мүгедектердің мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларына қол жеткізуін қамтамасыз ету жөніндегі;

е) мүгедектердің зейнетакылық жәрдемақы мен бағдарламаларға қол жеткізуін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қоса алғанда, осы құқықты іске асыруды қамтамасыз етуге және көтермелеге арналған тиісті шараларды қабылдайды.

29-бап. Саяси және қоғамдық өмірге қатысу

Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің саяси құқықтарына және оларды басқалармен тең дәрежеде пайдалану мүмкіндігіне кепілдік береді және:

а) мүгедектердің саяси және қоғамдық өмірге тікелей немесе еркін тандаған өкілдер арқылы басқалармен тең дәрежеде тиімді және жан-жақты қатыса алын, оның ішінде дауыс беруге және сайлануға құқығы мен мүмкіндігі болуын, атап айтқанда:

I) дауыс беруге арналған рәсімдердің, үй-жайлар мен материалдардың түсінуге және пайдалануға қолайлы, қолжетімді және жеңіл болуын қамтамасыз ету;

II) мүгедектердің сайлауда және көпшілік референдумдарда қорықпай жасырын дауыс беруге қатысуға және сайлау үшін өз кандидатураларын ұсынуға, лауазымдарды іс жүзінде иеленуге және қолайлы жерде ассистивтік және жаңа технологияларды пайдалануға жәрдемдесе отырып, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлеріндегі барлық көпшілік функцияларды орындауға құқығын қорғау;

III) мүгедектердің сайлаушы ретіндегі ерік-жігерін еркін танытуына және осы мақсатта - қажет болған жағдайда олардың өздерінің қалауы бойынша қандай да бір адамға дауыс беруге көмектесу туралы өтініштерін қанағаттандыруға кепілдік беру

а р қ ы л ы

қ а м т а м а с ы з

е т у г е ;

б) мүгедектердің мемлекеттік істерді басқаруға көмсітушіліксіз және басқалармен тен дәрежеде, тиімді және жан-жақты қатыса алатында жағдай жасауға белсенді жәрдемдеуге және олардың :

I) жұмысы елдің мемлекеттік және саяси өмірімен байланысты үкіметтік емес үйымдар мен бірлестіктерге, оның ішінде саяси партиялардың қызметі мен оларды басқаруға қатысун ;

II) мүгедектердің атынан халықаралық, ұлттық, өнірлік және жергілікті деңгейлерде өкілдік ету үшін мүгедектер үйымын құруды және оларға кіруді қоса алғанда, мемлекет істеріне араласуын көтермелеп отыруға міндеттенеді.

30-бап. Мәдени өмірге, бос уақыты мен демалысын өткізуға және спортпен шұғылдануға қатысу

1. Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің басқалармен тендей дәрежеде мәдени өмірге қатысу құқығын таниды және мүгедектердің :

а) мәдениет туындыларына қолжетімді форматтарда қол жеткізе алуын;

б) қолжетімді форматтағы теледидар бағдарламаларына, фильмдерге, театрға және басқа да мәдени іс-шараларға қол жеткізе алуын;

с) театрлар, мұражайлар, кинотеатрлар, кітапханалар және туристік қызмет көрсетулер сияқты мәдени іс-шараларға немесе қызмет көрсету орындарына қол жеткізе алуын, сондай-ақ ұлттық мәдени маңызы бар ескерткіштер мен объектілерге барынша мүмкін дәрежеде қол жеткізе алуын қамтамасыз ету үшін барлық тиісті шараларды қабылдайды .

2. Қатысушы мемлекеттер мүгедектерге тек өз игілігі үшін ғана емес, барша қоғамның бауы үшін де өз шығармашылығын, көркемдік және зияткерлік әлеуетін дамытуына және пайдалануына мүмкіндік берілуі үшін тиісті шараларды қабылдайды.

3. Қатысушы мемлекеттер халықаралық құқыққа сәйкес зияткерлік меншік құқықтарын қорғау туралы заңдардың мүгедектердің мәдениет туындыларына қол жеткізуіне жөнсіз немесе кемсітуші тосқауыл болмауын қамтамасыз ету үшін барлық тиісті қадамдарды қабылдайды .

4. Мүгедектердің басқалармен тендей дәрежеде ымдау тілдері мен саңыраулар мәдениетін қоса алғанда, өздерінің ерекше мәдени және тілдік өзіндік болмысының танылуына және қолдауға ие болуына құқығы бар.

5. Мүгедектерге басқалармен тендей дәрежеде бос уақыты мен демалысын өткізуға және спорттық іс-шараларға қатысу мүмкіндігін беру үшін қатысушы мемлекеттер:

а) мүгедектердің барлық деңгейлердегі жалпы бейінді спорттық іс-шараларға барынша толық қатысуын көтермелеу және насихаттау үшін;

б) мүгедектердің арнайы мүгедектерге арналған спорттық және бос уақытын өткізу

іс-шараларын ұйымдастыруға мүмкіндігі болуын қамтамасыз ету, оларды дамыту және оларға қатысуы үшін және осыған байланысты басқалармен теңдей дәрежеде тиісті оқыту, дайындық және ресурстар ұсынылуына жәрдемдесу үшін;

с) мүгедектердің спорттық, рекреациялық және туристік объектілерге қол жеткізуін
қамтамасыз етү үшін;

d) мүгедек балалардың басқа балалармен тендей дәрежеде мектеп жүйесі шеңберіндегі іс-шараларды қоса алғанда, ойындарға, бос уақыты мен демалысын өткізуге және спорттық іс-шараларға қатысуға қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін;

е) мүгедектердің бос уақытын, туризмді, демалысын және спорттық іс-шараларды үйымдастырумен айналысадын адамдардың көрсетілетін қызметтерге қол жеткізе алуын қамтамасыз ету үшін тиісті шараларды қабылдайды.

31-бап. Статистика және мәліметтер жинау

1. Қатысушы мемлекеттер осы Конвенцияны орындау мақсатында стратегиялар әзірлеп, іске асыруға мүмкіндік беретін статистикалық және зерттеу деректерін қоса алғанда, тиісті ақпаратты жинауға міндеттенеді. Бұл ақпаратты жинау және сақтау процесінде:

а) мүгедектердің жеке өмірінің құпиялышы мен қолсұғылмаушылығын қамтамасыз ету үшін деректерді қорғау туралы заңнаманы қоса алғанда, занды түрғыда белгіленген кепілдіктер сакталуға;

b) статистикалық деректерді жинау мен пайдалану кезінде адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғауға қатысты халықаралық танылған нормалар, сондай-ақ этикалық қағидаттар сакталуға тиіс.

2. Осы бапқа сәйкес жиналған ақпарат тиісті жолмен дезагрегацияланады және қатысушы мемлекеттердің осы Конвенция бойынша өз міндеттемелерін қалай орындау жатқанын бағалауға жәрдемдесу үшін, сондай-ақ мүгедектердің өздерінің құқықтарын жүзеге асыруы кезінде кездесетін кедергілерді анықтау мен жою үшін пайдаланылады.

3. Қатысушы мемлекеттер осы статистикалық мәліметтерді таратқаны үшін өздеріне жауапкершілік алады және олардың мүгедектер мен басқа адамдар үшін қолжетімді болуын қамтамасыз етеді.

32-бап. Халықаралық ынтымақтастық

1. Қатысушы мемлекеттер осы Конвенцияның мақсаттары мен міндеттерін іске асыру жөніндегі ұлттық күш-жігерді қолдай отырып, халықаралық ынтымақтастық пен оны көтермелеудің маңыздылығын таниды және мемлекетаралық желі бойынша, ал орынды жерінде - тиісті халықаралық және өнірлік ұйымдармен және азаматтық қоғаммен, атап айтқанда, мүгедектер ұйымдарымен әріптестікте осыған байланысты тиісті және тиімді шарапарды қабылдайды. Мұндай шарапар, атап айтқанда:

а) халықаралық ынтымақтастықтың, оның ішінде халықаралық даму бағдарламаларының мүгедектерді қамтуын және олар үшін қолжетімді болуын
қ а м т а м а с ы з е т у д і ;

б) қолда бар мүмкіндіктерді нығайтуды, оның ішінде өзара ақпарат, тәжірибе, бағдарламалар мен озық әзірлемелер алмасу жолымен жеңілдетуді және қолдауды;

с) зерттеу саласындағы ынтымақтастыққа және ғылыми-техникалық білімге қол жеткізу үзінде жәрдемдесуді ;

д) орынды жерінде, оның ішінде қолжетімді және ассистивті технологияларға қол жеткізуді жеңілдету арқылы және оларды өзара алмасу жолымен, сондай-ақ технологиялар беру арқылы техникалық-экономикалық көмек беруді қамтуы мүмкін.

2. Осы баптың ережелері әрбір қатысуышы мемлекеттің осы Конвенцияға сәйкес өз міндеттемелерін орындау жөніндегі міндеттерін қозғамайды.

33-бап. Ұлттық жүзеге асыру және мониторинг

1. Қатысуышы мемлекеттер өздерінің ұйымдық құрылымына сәйкес үкіметте осы Конвенцияны жүзеге асырумен байланысты мәселелерге жетекшілік ететін бір немесе бірнеше инстанцияларды тағайындауды және әртүрлі секторлар мен әртүрлі деңгейлердегі тиісті жұмысқа жәрдемдесу үшін тиісті жолмен үкіметте үйлестіру тетігін құру немесе тағайындау мүмкіндігін зерделейді.

2. Қатысуышы мемлекеттер өздерінің құқықтық және әкімшілік құрылымына сәйкес өзінде орынды жерінде осы Конвенцияның жүзеге асырылуын көтермелебуге, қорғауға және оған мониторинг жүргізуге арналған бір немесе бірнеше тәуелсіз тетіктерді қамтитын құрылымды қолдайды, нығайтады, тағайындауды немесе құрады. Мұндай тетікті тағайындаған немесе құрған кезде қатысуышы мемлекеттер адам құқықтарын қорғаумен және көтермелебуген айналысатын ұлттық мекемелердің мэртебесі мен қызмет етуіне қатысты қағидаттарды назарға алады.

3. Азаматтық қофам, атап айтқанда, мүгедектер мен олардың атынан өкілдік ететін ұйымдар қадағалау процесіне толық көлемінде тартылады және оған қатысады.

34-бап. Мүгедектер құқықтары жөніндегі комитет

1. Мүгедектер құқықтары жөніндегі комитет (бұдан әрі «Комитет» деп аталатын) құрылады, ол төменде көзделген функцияларды орындауды.

2. Осы Конвенцияның күшіне енүі кезінде Комитет он екі сарапшыдан тұрады. Конвенцияның тағы да алпыс рет ратификациялануынан немесе оған қосылуынан кейін Комитеттің мүшелік құрамы алты адамға артып, ең көп саны - он сегіз мүшеге жетеді.

3. Комитет мүшелері жеке адам ретінде әрекет етеді және жоғары моральдық қасиетке және осы Конвенция қамтитын салада танылған құзыреті мен білікті тәжірибесі бар тұлға болады. Өз кандидаттарын ұсыну кезінде қатысуышы

мемлекеттерге осы Конвенцияның 4-бабының 3-тармағында тұжырымдалған ережені тиісті дәрежеде ескеру қажеттігі үсінілады.

4. Комитет мүшелерін қатысушы мемлекеттер сайлайды, бұл ретте әділ географиялық бөлініске, әртүрлі өркениет нысандарының өкілділігіне және негізгі құқықтық жүйелеріне, ерлер мен әйелдердің теңдестірілген өкілділігіне және сарапшы мүгедектердің қатысуына көніл бөлінеді.

5. Комитет мүшелері қатысушы мемлекеттер конференциясының отырыстарында қатысушы мемлекеттердің өз азаматтары ішінен ұсынған кандидаттары тізімінен жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Қатысушы мемлекеттердің үштен екісі кворум құрайтын бұл отырыстарда дауыс беруге келген және қатысқан қатысушы мемлекеттер өкілдерінің барынша көп дауысын және абсолюттік көпшілігін алған кандидаттар Комитет құрамына сайланған болып табылады.

6. Алғашқы сайлау осы Конвенция күшіне енген күннен бастап алты айдан кешіктірілмей өткізіледі. Әрбір сайлау өтетін күнге дейін кем дегенде төрт ай бұрын Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы қатысушы мемлекеттерге хат жолдап, оларға екі айдың ішінде кандидатура беруді ұсынады. Сосын Бас хатшы осылайша ұсынылған барлық кандидаттардың оларды ұсынған қатысушы мемлекеттерін көрсете отырып, әліпбилік ретпен тізімін жасайды және оны осы Конвенцияға қатысушы мемлекеттерге жібереді.

7. Комитет мүшелері төрт жылдық мерзімге сайланады. Олар тек бір-ак рет қайта сайлануға құқылы. Алайда, бірінші сайлауда сайланатын алты мүшенің өкілеттік мерзімі екі жылдық мерзімнің соңында аяқталады; бұл алты мүшенің аттары бірінші сайлаудан кейін бірден отырысқа төрағалық етушінің жеребесі бойынша айқындалады, ол туралы осы баптың 5-тармағында айтылған.

8. Комитеттің қосымша алты мүшесін сайлау осы баптың тиісті ережелерімен реттелетін әдеттегі сайлауға орайластырылады.

9. Егер де Комитеттің қандай да бір мүшесі қайтыс болса немесе отставкаға кетсе не болмаса өзінің міндеттерін қандай да бір өзге себеппен әрі қарай орындай алмайтынын хабарласа, онда бұл мүшенің кандидатурасын ұсынған қатысушы мемлекет өкілеттіліктің қалған мерзіміне біліктілікке ие және осы баптың тиісті ережелерінде көзделген талаптарға сай келетін басқа сарапшыны тағайындаиды.

10. Комитет өзінің жеке рәсімдері қағидаларын белгілейді.

11. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Комитеттің осы Конвенцияға сәйкес өз функцияларын тиімді түрде жүзеге асыруы үшін қажетті персонал мен материалдық қаражатты береді және оның алғашқы кеңесін шақырады.

12. Осы Конвенцияға сәйкес құрылған Комитеттің мүшелері Біріккен Ұлттар Ұйымының қаражатынан Комитет міндеттерінің маңыздылығын ескере отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы белгілейтін тәртіппен және шарттармен Ассамблея бекітетін сыйақы алады.

13. Комитет мүшелері Біріккен Ұлттар Ұйымы істері бойынша іссапарларда Конвенцияның Біріккен Ұлттардың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы тиісті бөлімдерінде бекітілген сарапшылардың жеңілдіктеріне, артықшылықтарына және иммунитеттеріне құқығы болады.

35-бап. Қатысушы мемлекеттердің баяндамалары

1. Эрбір қатысушы мемлекет Комитетке Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы арқылы олардың осы Конвенция бойынша өз міндеттемелерін жүзеге асыру үшін қабылданған шаралар туралы және тиісті қатысушы мемлекет үшін осы Конвенция күшіне енгеннен кейін екі жылдың ішінде осы тұрғыда қол жеткізілген прогресс туралы жан-жақты баяндама ұсынады.

2. Кейін қатысушы мемлекеттер келесі баяндамаларды төрт жылда бір реттен сиретпей, сондай-ақ Комитет бұл туралы сұраған кезде ұсынып отырады.

3. Комитет баяндамалардың мазмұнын айқындастын басшылыққа алынатын қағидаттарды белгілеуді.

4. Комитетке алғашқы жан-жақты баяндаманы ұсынған қатысушы мемлекеттің өзінің кейінгі баяндамаларында бұрын берген ақпаратты қайталауының қажеттігі жоқ. Қатысушы мемлекеттерге Комитетке баяндамаларды дайындауды ашық және транспарентті процесс етуді ойластыру және осы Конвенцияның 4-бабының З-тармағында тұжырымдалған ережені тиісті дәрежеде ескеру ұсынылады.

5. Баяндамаларда осы Конвенция бойынша міндеттемелердің орындалу дәрежесіне ықпал ететін факторлар мен қындықтар көрсетілуі мүмкін.

36-бап. Баяндамаларды қарау

1. Комитет әр баяндаманы қарайды, ол бойынша орынды деген ұсыныстар мен жалпы ұсынымдар жасайды, оларды тиісті қатысушы мемлекетке жібереді. Қатысушы мемлекет жауап ретінде Комитетке өз қалауы бойынша кез келген ақпаратты жібере алады. Комитет қатысушы мемлекеттерден осы Конвенцияны жүзеге асыруға қатысы бар қосымша ақпаратты сұратып ала алады.

2. Қатысушы мемлекет баяндама ұсынуды айтарлықтай кешіктірген кезде Комитет тиісті қатысушы мемлекетті, егер де осы хабардар етуден кейінгі үш айдың ішінде тиісті баяндама ұсынылmasa, осы Конвенцияның бұл қатысушы мемлекетте жүзеге асырылуы туралы мәселені Комитеттегі қолда бар анық ақпараттың негізінде қарау талап етілетіндігі туралы хабардар ете алады. Комитет тиісті қатысушы мемлекетке мұндай қарауға қатысады ұсынады. Егер қатысушы мемлекет жауап ретінде тиісті баяндама ұсынса, онда осы баптың 1-тармағының ережелері қолданылады.

3. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы баяндамаларды барлық қатысушы мемлекеттердің иелігіне береді.

4. Қатысушы мемлекеттер өз елінде жұртшылық үшін өз баяндамаларына кеңінен қолжетімділікті қамтамасыз етеді, осы баяндамаларға қатысты ұсыныстармен және жалпы ұсынымдармен танысады жеңілдетеді.

5. Комитет мұны орынды деп есептесе, ол қатысушы мемлекеттердің баяндамаларын Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған мекемелеріне, қорларына және бағдарламаларына, сондай-ақ басқа да құзыретті органдарға олардың онда айтылатын техникалық консультация немесе көмек туралы өтінішке не болмаса соңғысындағы қажеттілікке нұсқауға назар аударуы үшін Комитеттің осы өтініштер немесе нұсқаулар бойынша ескертулерімен және ұсынымдарымен бірге (егер олар бар болса) жібереді.

37-бап. Қатысушы мемлекеттер мен Комитеттің арасындағы ынтымақтастық

1. Эрбір қатысушы мемлекет Комитетпен ынтымақтастықта болады және оның мүшелеріне олардың өз мандатын орындауына жәрдемдеседі.

2. Комитет өзінің қатысушы мемлекеттермен қарым-қатынастарында осы Конвенцияны жүзеге асыру, оның ішінде халықаралық ынтымақтастықтың көмегімен жүзеге асыру жөніндегі ұлттық мүмкіндіктерді ұлғайту жолдары мен құралдарын тиісті дәрежеде ескереді.

38-бап. Комитеттің басқа органдармен қарым-қатынасы

Осы Конвенцияны тиімді жүзеге асыруға жәрдемдесу және ол қамтитын салаларда халықаралық ынтымақтастықты көтермелей үшін:

а) Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған мекемелері мен басқа да органдары олардың мандаттарына кіретін, осы Конвенцияның мұндай ережелерін жүзеге асыру туралы мәселені қарау кезінде өкілдік алуға құқылы болады. Комитет мұны орынды деп есептесе, ол мамандандырылған мекемелерге және басқа да құзыретті органдарға Конвенцияны олардың тиісті мандаттарына кіретін салаларда жүзеге асыруға қатысты сараптамалық қорытынды беруді ұсына алады. Комитет Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған мекемелері мен басқа да органдарына Конвенцияның олардың қызмет ету саласына жататын салаларда жүзеге асырылуы туралы баянда ма беруін ұсына алады;

б) Комитет өз мандатын орындау кезінде адам құқықтары жөніндегі халықаралық шарттарға орай құрылған басқа да тиісті органдардан олардың баяндамалар берудің басшылыққа алынатын тиісті қағидаттарында, сондай-ақ олар шығаратын ұсыныстар мен жалпы ұсынымдарда келісімді қамтамасыз ету және олар өз функцияларын жүзеге асырған кезде қайталану мен қосарлануды болдырмау жөнінде реті келген жағдайда консультация алады.

39-бап. Комитеттің баяндамасы

Комитет екі жылда бір рет Бас Ассамблея мен Экономикалық және Әлеуметтік Кеңеске өз қызметі туралы баяндама ұсынады және қатысушы мемлекеттерден алған баяндамалар мен ақпаратты қарауға негізделген ұсыныстар мен жалпы ұсынымдар шығара алады. Мұндай ұсыныстар мен жалпы ұсынымдар қатысушы мемлекеттердің түсініктемелерімен бірге (егер олар бар болса) Комитеттің баяндамасына енгізіледі.

40-бап. Қатысушы мемлекеттер конференциясы

1. Қатысушы мемлекеттер осы Конвенцияны жүзеге асыруға қатысты кез келген мәселені қарау үшін Қатысушы мемлекеттердің конференциясына жүйелі түрде жиналыш .
тұрауды .

2. Осы Конвенция қүшіне енгеннен кейін алты айдан кешіктірмей Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Қатысушы мемлекеттердің конференциясын шақырады. Келесі кеңестерді Бас хатшы екі жылда бір рет шақырады немесе Қатысушы мемлекеттер конференциясының шешімі бойынша шақырылады.

41-бап. Депозитарий

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осы Конвенцияның депозитарийі болып табылады.

42-бап. Қол қою

Осы Конвенция барлық мемлекеттер мен өңірлік интеграция үйымдарының қол қоюы үшін Нью-Йоркте Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық мекемелерінде 2007 жылғы 30 наурыздан бастап ашық.

43-бап. Міндеттілікке келісу

Осы Конвенция оған қол қойған мемлекеттердің ратификациялауына және оған қол қойған өңірлік интеграция үйымдарының ресми растауына жатады. Ол осы Конвенцияға қол қоймаған кез келген мемлекеттің немесе өңірлік интеграция үйымының қосылуы үшін ашық.

44-бап. Өңірлік интеграция үйымдары

1. «Өңірлік интеграция үйымы» белгілі бір өнірдің егемен мемлекеттер құрған, оған мүше мемлекеттер осы Конвенциямен реттелетін мәселелерге қатысты құзыret берген үйымды білдіреді. Мұндай үйымдар ресми растау немесе қосылу туралы өз

құжаттарында осы Конвенциямен реттелетін мәселелерге қатысты өз құзыретінің көлемін көрсетеді. Сонынан олар депозитарийді өз құзыретінің көлеміндегі кез келген елеулі өзгерістер туралы хабардар етеді.

2. Осы Конвенциядағы «қатысушы мемлекеттерге» сілтемелер мұндай үйымдарға олардың құзыреті шегінде қатысты болады.

3. Осы Конвенцияның 45-бабының 1-тармағы мен 47-бабының 2 және 3-тармақтарының мақсаттары үшін өнірлік интеграция үйымы сақтауға берген бірде-бір құжат есептеле мейді.

4. Өнірлік интеграция үйымдары өз құзыретіне жататын мәселелерде Қатысушы мемлекеттер конференциясындағы осы Конвенцияға қатысушылар болып табылатын олардың мүше мемлекеттерінің санына тең дауыс санымен өздерінің дауыс беру құқығын жүзеге асыра алады. Егер де мүше мемлекеттердің қайсы бірі өзінің құқығын жүзеге асырса, онда мұндай үйым өзінің дауыс беру құқығын жүзеге асырмайды және бұл керісінше де болады.

45-бап. Күшіне енуі

1. Осы Конвенция жиырмасыншы ратификациялық грамота немесе қосылу туралы құжат сақтауға берілгеннен кейін отызыншы күні күшіне енеді.

2. Мұндай жиырмасыншы құжатты сақтауға бергеннен кейін осы Конвенцияны ратификациялаушы, оны ресми растаушы немесе оған қосылуышы әрбір мемлекет немесе өнірлік интеграция үйымы үшін Конвенция олардың өздерінің осындай құжатын сақтауға бергеннен кейінгі отызыншы күні күшіне енеді.

46-бап. Ескертпелер

1. Осы Конвенцияның объектісі мен мақсатына сай келмейтін ескертпелерге жол беріл мейді.

2. Ескертпелер кез келген уақытта алып тасталуы мүмкін.

47-бап. Түзетулер

1. Кез келген қатысушы мемлекет осы Конвенцияға түзету ұсынып, оны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына бере алады. Бас хатшы ұсынылған кез келген түзетулерді қатысушы мемлекеттерге олардың осы ұсыныстарды қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау үшін қатысушы мемлекеттердің конференциясын өткізууді қалайтын-қаламайтындығы туралы хабардар етуін сұрай отырып хабарлайды. Мұндай хабарлау болған күннен бастап төрт айдың ішінде қатысушы мемлекеттердің кемінде үштен бірі мұндай конференцияны өткізууді жақтаған жағдайда, Бас хатшы Біріккен Ұлттар Ұйымының аясында конференция шақырады. Дауыс беруге келгендер

мен қатысқан қатысуши мемлекеттердің үштен екісін қамтитын көпшілігімен мақұлданған кез келген түзетуді Бас хатшы бекіту үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясына, сосын қабылдау үшін барлық қатысуши мемлекеттерге жібереді.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес мақұлданған және бекітілген түзету сақтауға берілген қабылдау туралы құжаттар саны осы түзетуді мақұлдау күніндегі қатысуши мемлекеттер санының үштен екісіне жеткен кезден кейінгі отызыншы күні күшіне енеді. Сонынан түзету кез келген қатысуши мемлекет үшін оның қабылдау туралы құжатын сақтауға тапсырғаннан кейінгі отызыншы күні күшіне енеді. Түзетулер оларды қабылдаған қатысуши мемлекеттер үшін ғана міндетті болып табылады.

3. Егер де Қатысуши мемлекеттер конференциясы консенсуспен тиісті шешімді қабылдаса, осы баптың 1-тармағына сәйкес мақұлданған және бекітілген, тек 34, 38, 39 және 40-баптарға жататын түзету барлық қатысуши мемлекеттер үшін сақтауға берілген қабылдау туралы құжаттар саны осы түзетуді мақұлдау күніндегі қатысуши мемлекеттер санының үштен екісіне жеткеннен кейінгі отызыншы күні күшіне енеді.

48-бап. Күшін жою

Қатысуши мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысын жазбаша хабардар ету арқылы осы Конвенцияның күшін жоя алады. Күшін жою Бас хатшының мұндай хабарламаны алған күнінен кейін бір жылдан соң күшіне енеді.

49-бап. Қолжетімді формат

Осы Конвенция мәтінінің қолжетімді форматтарда болуы қамтамасыз етілуге тиіс.

50-бап. Тәңтүпнұсқалы мәтіндер

Осы Конвенцияның мәтіндері ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдерінде тәңтүпнұсқалы болып табылады.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН төменде қол қойған өкілетті өкілдер тиісті үкіметтері берген уәкілеттіктерімен тиісті дәрежеде осы Конвенцияға қол қойды.

2006 жылғы 13 желтоқсанда Нью-Йорктегі Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының алпыс бірінші сессиясында қабылданған «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияның» қазақ тіліндегі куәландырылған көшірмесі еkenін раставмын.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сактау және
әлеуметтік даму министрлігі
Зан қызметі департаментінің
директоры С. Қаппасов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК